



**Автор:** Ержанова Набира Аманжоловна

**Пән:** Биология

**Сынып:** 7-сынып

**Бөлім:** Тірі ағзалардың қоректенуі

**Тақырып:** Жапырақтың құрылысы және қызметі

|                   |  |
|-------------------|--|
| Оқу мақсаттары    | 7.1.2.1- Жапырақтың ішкі құрылысын сипаттау және оның құрылысы мен қызметі арасындағы өзара байланысты түсіндіру. Лептесіктің маңыздылығы.   |
| Сабақтың мақсаты  | Жапырақтың ішкі құрылымдарының анықтауды үйренеді. Олардың қызметтерінің арасындағы сәйкестікті талдайды. Құрылыс пен қызмет арасындағы өзара байланысты анықтап, қорытынды жасауды үйренеді.            |
| Бағалау критерийі | 1.Жапырақтың ішкі құрылымдарының анықтайды және сипаттайды; 2.Жапырақтың ішкі құрылымдарының қызметтерін талдай алады; 3.Құрылыс пен қызметі арасындағы өзара байланысты түсіндіреді, қорытынды жасайды. |
| Тілдік мақсаттар  | Оқушылар орындай алады: жұпта жұмыстану арқылы жапырақтың құрылысы мен қызметін оқып зерттейді және жазбалар жасайды, кейін негізгі сызба бойынша өзара тексеру жүргізеді.                               |

### Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері         | Жоспарланған іс-әрекет  | Ресурстар  |
|-------------------------|---|--|
| Сабақтың басы (5 мин)   | Ұйымдастыру кезеңі. «Үштен бірік» ойын шарты бойынша оқушыларға бүгінгі сабақта қарастыратын терминдердің үш тілдегі үлгісі таратылып беріледі. Оқушылар үштікке бірігуі керек. Болған оқушылар басқа оқушыларға көмек беруіне болады   |  |
| Сабақтың ортасы (25мин) | Мұғалімнің түсіндірмесі. Жаңа сабақ тақырыбы, мақсаты мен бағалау критерийлеріне тоқталады.<br>Бейне көрініс. Жапырақтың ішкі құрылысы туралы бейнефильм көрсетіледі.<br><br>Тест жұмысы<br>ЖЖ.Оқушыларға жапырақтың элементтері белгіленбеген сызбасының көшірмесін бір-бір данадан таратып беріледі. Жапырақтың құрылысы мен қызметі сәйкестендіріліп берілген үлкен сызба көшірмесі сынып бөлмесінің алдыңғы жағында тұрады. Екі оқушының бірі үлкен сызбаны зерделейді. Сосын олар орындарына келіп, өздерінің жұптас әріптесіне бір немесе бірнеше белгілеулер туралы айтады. Жұптас оқушы өз сызбасында жазбалар түсіреді. Сызбаға белгі түсіріліп жатқанда, оқушылар рөлдерін ауыстырады. Тақтада сызбаның түпнұсқасын көрсетіледі де, жұптардың жұмыстарын өзара бағалаулары үшін өз сызбаларымен алмасуларын сұралады. | <a href="https://bilimland.kz/kk/courses/biologiya-kk/osimdikter-duniesi/osimdik-ulpalary-men-musheleri/lesson/zhapyraqtardyng-qurylymy-men-qyzmeti">https://bilimland.kz/kk/courses/biologiya-kk/osimdikter-duniesi/osimdik-ulpalary-men-musheleri/lesson/zhapyraqtardyng-qurylymy-men-qyzmeti</a><br><br>Твиг білім сайты<br><a href="https://itest.kz/kz/test/666966544">https://itest.kz/kz/test/666966544</a> |
| Сабақтың соңы (10 мин)  | 1.Қалыптастырушы бағалау жұмысын орындау.<br>2.Кері байланыс Оқушылар пікірлерін бас бармақ арқылы білдіреді.   |  |
| Атау жолы (1 мин)       | Жапырақтың ішкі құрылысы туралы біледі. Жапырақтың құрылысы мен қызметін сәйкестендіреді.   |  |